

«Аңғал батыр ауылының ЖОББМ» КММ бойынша өтілген
және **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасын жүзеге
асыру бойынша атқарылған жұмыстар бойынша
МӘТІНДІК ЕСЕБІ

Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын мектеп болғандықтан, бұрынғыдан да зор жауапкершілік артуда. Әр шәкірт мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Осы тұрғыдан алғанда мектеп – бала мен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жеке адамның дамуына және қалыптасуында әр түрлі факторлардың үйлестіріп, біріктірудің орталығы.

2021-2022 оқу жылында Аңғал батыр ауылының ЖОББМ қабырғасында 105 оқушы білім алуда. Даярлық сыныпқа 14 оқушы қабылданды. Оқушылар екі ауысымда оқылатыны, таңертеңгі сабақ сағат 8-30 -да, ал түстен кейін сағат 14:30-да басталыны туралы, сабақ ұзақтығы 45 минуттан, 5 күндік оқу аптасы және барлық оқушыларға бірыңғай классика үлгісінде мектеп формасы сақталады. Елімізде короновирустық инфекцияның таралуын алдын алу мақсатында барлық іс шаралар биылғы оқу жылында жабық түрде өткізіледі. Мектепке ата аналарының немесе басқа да адамдардың келуіне тиым салынуда. Жалпы оқу процесі штаттық режимде дәстүрлі форматта ұйымдастырылған. Оқу жылының соңында барлық санитарлық талаптар сақталып, тек қана таңертеңгі дене қызуын бақылау алып тасталынып, барлық іс -шаралар оффлайн түрінде жүргізілетін болды.

Біздің мектепте тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жұмыс жасайды. Сынып жетекшілер белгілі бір жүйемен құрастырылғын жоспармен жұмыс жүргізеді. Мектептің бірінші қабатында орналасқан филтрде сынып жетекшілер белгілі кесте бойынша кезекшілік міндетін атқарады. Таңертең кезекші мұғалім оқушыларды қарсы алып, олардың дене температурасының қызуын өлшейді.

Қыркүйек айында Білім күнінде Республика бойынша берілген тұжырымдама бойынша барлық сыныптарда сынып сағаттары штаттық түрде өз сыныптарында өткізілді. Тек мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып оқушыларына салтанатты жиын өткізілді. Жиын санитарлық талаптарға сай жүргізіліп, ата аналар мен оқушылар бетперделерде болды.



1-қыркүйек күніне арналған "Мамандық таңдау-ертенді ойлау" атты тақырыпта сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты:

Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау. Кәсіби бағыт бағдар беру, түрлі жаттығулар арқылы оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығын ояту мақсатында онлайн түрінде сынып сағаттары өткізілді.

Қыркүйектің 22-сі Тілдер күніне орай «Тілдер Фестивалі» онлайн түрінде аталып өтілді. Белгілі жоспар бойынша тіл мамандары іс – шараны ойдағыдай ұйымдастырды. Сыныптарда "Тілге құрмет-елге құрмет" атты сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға ана тілінің қадір-қасиетін ұғындыру, елін-жерін сүйетін, егеменді еліміздің ертеңі болар саналы, білімді, ұлтжанды азамат тәрбиелеу мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Отбасы күнін» де онлайн түрінде өткізіп, ата -аналарды құттықтап, бастауыш сыныптар арасында өз отбасылары туралы фотоколлаж жасады.

"Менің отбасым" атты сынып сағаты ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің балалық шақтарына видеоролик арқылы көрсете білді.

Жоғары сыныптарда "Жыныстық қатынас дегеніміз не?" атты сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға жыныстық қатынас туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.



Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу мақсатында слайд түрінде түсіндірілді.

1 қазан Қарттар күніне орай "Қарттарым - асыл қазынам" атты сынып сағаттары өткізілді. Жеке сыныптарда ата-әжелеріне оқушылармен бірлесіп сыйлық жасады. Ұстаздар күніне орай әр сынып өздерінің сынып жетекшілерін бейнеролик түрінде құттықтаулар жолдап, онлайн түрінде құттықтады.


« Алтын күз-2021» «Сыбдыры сұлу Алтын күз» мерекесін биыл мектепте штаттық режимде ата өттік. Ата аналарға кіруге тиым салынды. Мереке белгілі жоспар бойынша үш кезеңде атап өтілді. Бастауыш сыныптар, орта буын мен жоғары сыныптар жеке өз сыныптарымен қатысты. Барлық суреттер мектептің инстаграмм, фейсбук парақшаларында жарияланып отырды.



Алтын күз- молшылық кезеңі екені баршамызға мәлім. Оқушылар қолдан неше түрлі бұйымдар жасап, дастарханды да, көрмені де жайнатып жіберді.



16 қазан күні «Нан күні» аталып өтілді. Бастауыш сыныптарда «Ас атасы - нан», « Нан қайдан келді?» тақырыптарға сынып сағаттары өткізіліп, балалар нанның дастархан басына қалай келетіні туралы біраз мағлұмат алып, қызықты фильмдер мен видеороликтер көрді. 3 сынып оқушылары жетекшілерімен бірге «Аружан-2017» ЖШС егістік алқабына топсеруенге барып қайтты.




Қазан айының 25-і күні Республика бойынша «Қамқоршылар күні» атап өтілді. Мерекеге орай қамқоршыларға бейнероликтер жасалынып, мектеп атынан құттықтаулар жолданды.

Күзгі демалыс та белгілі жоспар бойынша пайдалы ұйымдастырылуда. Жоспар құрылып, оқушылар бос уақыттарын ұтымды пайдаланды.

Ұлы ағартушы, ұстаз Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдық мерейтойы ұмытылмай, аталып өтіледі. Оқушылар өздері дайындаған Ыбырай атамның әңгімелерін, өлеңдерін жатқа айтып, бейнероликтер жасап, челленджге қатысты.

Қараша айында жоспарланған сынып сағаттары ойдағыдай өткізілді. "Өмірдің қауіпті қырлары және олардан өту жолдары", "Еңбек бәрін де жеңбек", "Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны", "Отбасы-адамзат бесігін тербеткен ұя" т.б. тақырыптары. 1 Желтоқсан күні жоғары сыныптарда "СПИД-XXI ғасыр індеті" тақырыптарына сынып сағаттары өткізіліп, және Тұңғыш Президент күніне орай мектепте флешмоб ұйымдастырылып, бейнероликтер жасалып, слайд түрінде сынып сағаттары өткізілді. "Балалық шағымның аспаны" кинофильмі көрсетілді.



Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесі қарсаңында «Жас Қыран» мен «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау аталып өтілді. «Жас Қыранға» 3 сынып оқушылары, барлығы 13 оқушы, «Жас Ұланға» 5 сынып оқушылары, барлығы 7 оқушы қабылданды.



Еліміздің басты мерекесі «Тәуелсіздікке 30 жыл» мерекелік іс шара жоғары деңгейде аталып өтілді. Барлық сыныптарда дәстүрлі сынып сағаттары, 9 сынып оқушылары дайындаған әдеби музыкалық монтаж қойылып, кейіннен концерттік бағдарламамен жалғасты. Ұлы мереке қарсаңында көп жылдар бойы еңбек етіп, ерекше көзге түскен, мектеп өміріне белсене қатысқан ұстаздар мен қызметкерлер мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.



Жаңа жылдық шырша мерекесі мектепте өткізілген жоқ. Елімізде орналасқан «Аружан- 2017» ЖШС әдеттегідей жылда демеушілік жасап, бастауыш сынып оқушыларына, «Балдаурен» шағын орталығындағы бүлдіршіндерге, ауылдың мектеп жасына дейінгі барлық балаларға «Жаңа

жылдық сыйлықтар» табыс етті. Ол сыйлықтарды табыс ету үшін Аяз мен Ақшақар болып киініп, жеке сыныптарға кіріп, құттықтап, сыйлықтарын табыс еттік. Мектеп бойынша Жаңа жылдық безендіру сыныптар бойынша ұйымдастырылды. Бағалауға қамқоршылық кеңес ат салысып, өз сыйлықтарын тарту етті.






Н

Әр ай сайын құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға сараптама жасалып отырады. Сабақтан көп себепсіз қалатын оқушылар жоқ, босатқан оқушылардың себебін анықтап, ата-аналар комитетімен жұмыс жүргізіледі: а) сабақтарға қатысу ә) кешкі уақытта оқушылардың түнгі жүрістерін бақылау.

Ақпанда тіл мамандырының ұйымдастыруымен «Сөз шеберлері» мәнерлеп оқу байқауы өтілді. Байқауға 17 оқушы қатысты. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды. Туберкулез бойынша біршама жұмыстар атқарылып, жоспар құрастырылып, тақырыптық сынып сағаттары жүргізілді.



1-наурыз «Алғыс айту» күнінен орай, «Алғыс айту парызым» атты ұранымен біздің мектебімізде мектепшілік іс-шаралар өткізілді. Іс-шараның өткізілу мақсатын түсіндіру үшін ең әуелі 1 наурызда лездемеден басталды. «Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнінде — 1 наурызда, барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді», — деді Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

1 наурыз Алғыс айту күніне «Ризашылық пен алғыс» атты сынып сағаты өтті. (Фото: 1 сынып)



“Шәкәрім өсиеті-адалдық айнасы” тақырыбында адалдық сағаты



8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай наурыздың 5-күні қыздар арасында «Қыз қылығымен қылықты!» атты сайыс өтілді. Сайысқа 5-7 сыныптардың қыздары қатысты. Қыздар өздері дайындаған тағамдарын әкеліп, өз өнерлерін ортаға салды. Әділ қазылар тағайындалып, оқушылардың істеген тағамдарына орындар берді.

Сонымен қатар 8 Наурыз мерекесі қарсаңында аналарға онлайн түрінде мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концертте аналарға арналған көріністер, тамаша әндер мен өлеңдер тарту етілді.



«Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі» мектепте штаттық режим бойынша өткізілді. Әр сынып өз сынып бөлмесінде немесе жеке өзі бір сынып қана, көрермендерсіз Наурыз мерекесін барынша өткізуге тырысты.

Әр сынып өзі бір нөмірден қойды, 8 сынып оқушылары «Қыз Жібек» эпосын сомдап, көрермен көңілінен шықты. Мерекеді мәжіліс залы арнайы безендіріліп, барлық мектеп оқушылары бастауыш сыныптан бастап, жоғары сыныптарға дейін, тіпті мұғалімдер де ұлттық киімде болды. Соңғы аптада барлық мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымы ұлттық киім кию дәстүрін ұстанып, челлендж ұйымдастырылды.



Наурыз мерекесін тойлау дәстүрлі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс – салтында бағзы замандардан бері орын алған деседі. Қазақ

даласында ұлыстың ұлы күні бүкіл адамды тең санаған, құл мен күң де шаруадан босап, еркін бой жазуға мүмкіндік алған. Бұл күнгі дастархандағы дәм, «наурыз көжеден» бір бірлеріне дәм татырып, айтылар әңгіме көпке ортақ болды.



Наурыз мерекесі қарсаңында мектебімізде этно бұрыш ашылып, онда қазақ халқының көне замандағы тұрмыс тіршілігі туралы заттар қойылды.



Барлық өткізілген іс -шаралар мектептің инстаграмм, фейсбукка парақшаларында, сайтында жарияланып отырады. Сілтемелері аудандық білім бөліміне жіберіледі.

ДТІЖО: И.З. Жолдасова